

*Президенттің халыққа арнаған “Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм” атты кезекті Жолдауын мұқият тыңдадым. Онда көптеген өзекті мәселелер кеңінен қамтылған екен. Соның бірі – атом энергетикасын дамыту.*

## АЭС-ТІҢ ПАЙДАСЫ ОРАСАН

Мемлекет басшысы елімізге сенімді және экологиялық таза қуат көздерін тарту аса маңызды екеніне тоқтала келіп, “қазір әлемде энергия тапшылығы күшейіп барады. Елімізге сенімді және экологиялық таза қуат көздері аса қажет. Сондықтан біз атом энергетикасын дамытуға баса мән беруіміз керек деп ойлаймын. Себебі экономикамыз күн өткен сайын мол энергияны қажет етуде. Мұндай сұранысты атом энергетикасы қамтамасыз ете алады. Қазір дамыған және дамушы 30 мемлекетте 200-ге жуық атом электр стансасы жұмыс істеп тұр”, – деп атап көрсетті.

Қасым-Жомарт Кемелұлы мұның алдында да атом электр стансасын салуға қатысты барынша байыпты шешім қабылдау, соған орай стратегиялық жоспарларды қоғамда кеңінен талқылау қажеттігін бірнеше рет көтерген болатын. Иә, ел өміріндегі әрбір маңызды қадам жұрт-



шылықпен бірлесіп жасалса ғана өміршең болары анық. Оның бір дәлелі, 6 қазанда атом электр стансасын салуға қатысты референдумның өтетіні. Бұған дейін жер-жерлерде, қоғамдық ұйымдарда республика тұрғындарының белсене қатысуымен осы тақырыпқа қатысты талқылаулардың ұйымдастырылғанына бәріміз куәміз. Азаматтарымыздың жан-жақты ойланып, салмақты шешім қабылдауына жеткілікті мерзім беріліп, бұл тақырып кең ауқымды жалпыхалық диалог алаңында

талқыланды. Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты жүргізген сауалнамаға қатысқан респонденттердің басым көпшілігі маңызды стратегиялық мәселені қолдайтындарын білдірді. Мен де осы ұстанымдамын. Астрофизика саласының білікті маманы, осы бағытты терең зерттеп жүрген тәжірибелі ғалым ретінде атомды электр энергиясына қолданудың пайдасы орасан екенін өте жақсы білемін.

Осы заманғы АЭС-тардағы турбиналар аса қыздырылған бумен жұмыс істейді. Оған ядролық отын ретінде уран изотоптары пайдаланылады. Оның жылу шығарғыштық қабілеті көдімгі көмір, мұнай, газ отындарынан бірнеше миллион есе артық. Америкада тұтынуға керекті барлық электр энергиясының төрттен бірін, Францияда төрттен үшін, Жапонияда жартысын АЭС береді. Бүгінде әлемде термоядролық энергияны

игеруге деген қызығушылық өте жоғары. Мұндай құрылымдар адамзаттың тұтынуына қажетті электр энергиясын түпкілікті шешетін болады. Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің мәліметіне қарағанда атом энергетикасын дамыту мүмкіндігін қарастырып жатқан 27 елдің ішінде АЭС-ті салу бойынша 17 мемлекет қатарында Қазақстан да шешім қабылдау сатысында тұр. 1 кг. уран 100 тонна көмір немесе 60 тонна мұнайға тең энергия шығаратынын ескерсек, қоршаған ортаға қаншалықты зиянсыздығын есептеу қиын емес. Болашақта электр жарығына тапшылық туғанда оның орнын АЭС толтырауы күмәнсіз.

Жасыратыны жоқ, АЭС құрылыс жобасына қатысты көзқарас түрліше, олай болуы заңды да. Өйткені, ол жөнінде таным-түсінік аз. Осы себепті АЭС-тен алынатын энергия экологиялық таза өрі қауіпсіз екені жан-жақты насихатталса, құбақұл болар еді.

**Андрей СОЛОДОВНИК,**  
**М. Қозыбаев атындағы**  
**СҚУ-дың профессоры,**  
**жаратылыстану ғылымдары**  
**Ұлттық академиясының**  
**корреспондент мүшесі.**